Одним из условий, обеспечивающих успешную борьбу с противоправной деятельностью осужденных отрицательной направленности в исправительных учреждениях, является осведомленность оперативных служб о процессах, протекающих в среде осужденных, особенно среди тех, кто придерживается воровских обычаев и традиций. При этом следует учитывать, что осужденные в местах лишения свободы самоорганизуются, создавая неформальные группировки [1, с. 64-67].

По мнению А.Н. Сухова, под неформальными группировками осужденных понимается «общественность», состоящая из двух или большего числа осужденных, разделяющая общую систему взглядов, ценностей и норм, регулирующих их поведение, обладающих общими интересами и «направленностью» [2, с. 83-91].

Неформальные группировки осужденных складываются на основе личных симпатий и антипатий и функционируют внутри официальной субкультуры осужденных.

Сообщество осужденных объективно не может быть однородным, в нем могут быть группы с противоправными интересами. В исправительных учреждениях, по мнению ряда исследователей, в зависимости от социально-нравственной ориентации принято выделять группы положительной, неопределенной (нейтральной) и отрицательной направленности [3, с. 73-89]. К

числу основных особенностей группировок отрицательной направленности относятся: систематические нарушения режима отбывания наказания, противодействие законным требованиям администрации исправительного учреждения, стремление создать для себя условия, противоречащие уголовному и уголовно-исполнительному кодексам Республики Казахстан. Как правило, члены таких группировок не совершают преступлений, однако путем подстрекательства других осужденных они могут значительно осложнить оперативную обстановку в колонии, где отбывают наказание.

Группировки отрицательной направленности имеются в колониях всех видов режимов. Их численность различна в зависимости от режима исправительного учреждения, но число таких групп, как правило, соотносится с количеством групп положительной и неопределенной направленности.

Образование и функционирование в исправительных учреждениях группировок отрицательной направленности - явление объективное. Прежде всего следует отметить, что образование неформальных групп в любой человеческой общности обусловлено социально-психологической природой человека, его потребностью в общении с другими людьми. Не является исключением из этого правила и общность осужденных.

Специфической особенностью таких сообществ является то, что их возглавляют лица, имеющие наиболее неформальный статус в криминальной среде, в условиях колоний – это так называемые «воры в законе», «авторитеты» уголовно-преступной среды, лидеры и участники организованных преступных группировок, «смотрящие» и т.д.

За долгие годы функционирования криминальная среда выработала свою «идеологию», права и обязанности ее участников, создала неписанные правила поведения, со временем принявшие форму традиций и обычаев, строго регламентирующих поведение этих лиц.

В конце 50-х годов правоохранительными органами была проведена активная

наступательная работа по ликвидации воровских группировок и было заявлено об их полной ликвидации. На практике и специальной литературе не было принято говорить о том, что в местах лишения свободы наблюдаются процессы активной консолидации лидеров криминальной среды, традиционное разделение осужденных на категории. Однако их ряды не ослабежали, а, напротив, становились все крепче и крепче. После развала Советского Союза в условиях безработицы, низкой заработной платы и обнищания большей части населения места лишения свободы остались без внимания со стороны государства. В свою очередь в колониях выстроилась четкая иерархия преступного мира. В настоящее время в современных колониях имеется четкое деление осужденных на категории: «воры в законе», «авторитеты», «смотрящие», «шныри», «шестерки», «мужики», «обиженные» и т.п.

Возрождение преступных обычаев, обострение негативных процессов в криминальной среде, активизация противоправной деятельности осужденных отрицательной направленности заставляют признать данное явление как важнейшую социальную проблему.

Криминальная среда исправительных учреждений с присущими ей внешними атрибутами в своем развитии и функционировании предстает как устойчивая система взаимодействия между различными категориями осужденных асоциальной направленности, где действуют неформальные нормы противоправного поведения.

Подчеркивая определенную роль социальной среды в развитии человека, философы отмечают, что человеческую сущность нужно искать не в абстрактном индивиде, а в конкретной деятельности людей, осуществляющейся в «их данной общественной жизни», «в окружающих их условиях жизни, делающих их тем, чем они в действительности являются» [4, с. 3].

В реальной жизни человек не только зависит от социальной среды, но и своими активными действиями видоизменяет ее, а также развивает самого себя, свою сущ-

ность. Поэтому «обстоятельства в такой же мере творят людей, в какой люди творят обстоятельства» [5, с. 12].

В этой связи следует полностью согласиться с мнением ученых, что криминальная среда формирует идеологию и служит источником резервов для организованной преступности. Причем идеология с широким набором своих нравственных, «правовых», этических и даже философских идей, оправдывающих преступность и составляющих базу для субкультуры этой среды, является питательной почвой для существования так называемых воровских группировок и за пределами колючей проволоки.

Чтобы эффективнее использовать оперативно-розыскные меры в борьбе с противоправной деятельностью лидеров, в первую очередь необходимо изучить оперативную обстановку. Так, скажем, криминальную среду исправительного учреждения через существующую в ней субкультуру, то есть «вторую жизнь», особенности которой не поддаются статистическому анализу и поэтому выпадают из поля зрения оперативных служб.

Термин «субкультура» в переводе с латинского означает «подкультура». Для более полного понимания данного термина целесообразно обратиться к современному словарю иностранных слов. Субкультура (от суб + культура) – совокупность воззрений, нравственных установок, стереотипов поведения, характерных для определенных объединений людей [6, с. 666]. Субкультура может отличаться от доминирующей культуры собственной системой ценностей, языком, манерой поведения, одеждой и другими аспектами.

Субкультура криминальной среды, включающая неформальные нормы поведения, установки, особый язык – жаргон, татуировки и т.п., выполняет те же функции, что и культура, однако является ее антиподом.

К сожалению, несмотря на повышенный интерес к этому явлению, в науке субкультура осужденных длительное время оставалась малоизученной.

Субкультура не является чем-то независимым, цельным и законченным. Она

весьма неоднородна, включает в себя множество разных, подчас враждебных друг другу течений, кроме того она подвержена изменениям. Тем не менее криминальная субкультура реальна и имеет ряд постоянных элементов, составляющих ее структуру.

С.В. Паташков, с чьим мнением мы солидарны, считает, что при определении основных направлений использования оперативно-розыскных мер в борьбе с противоправной деятельностью осужденных отрицательной направленности необходимо учитывать следующие элементы субкультуры:

1. Основу криминальной субкультуры составляют уголовные традиции и обычаи, которые являются продуктом многовекового опыта противоправной деятельности в местах лишения свободы. Они способствуют воспроизводству преступности в исправительных учреждениях. Социальная вредность уголовных традиций и обычаев заключается в том, что она затрудняет, а порой блокирует применение уголовно-исполнительного законодательства в отношении лидеров и их ближайшего окружения и по существу стимулирует их противоправное поведение. Именно лидеры криминальной среды, опираясь на существующие уголовные традиции и обычаи, создают преступные структуры, вырабатывают и проводят в жизнь субкультуру, характерную для криминальных формирований исправительных учреждений.

2. Другим важным структурным элементом криминальной субкультуры исправительных учреждений является особая стратификация осужденных, характеризующаяся большой скрытностью внутренних организационных приемов, подкрепленной развитой многоступенчатой иерархической структурой. В основе этой стратификации лежат принцип деления на «своих» и «чужих», приобретение определенных ролей и статусов осужденными и борьба за привилегированное существование в криминальной среде. Статус осужденного может быть низким или высоким, привилегированным или непривилегированным.

3. Следующим элементом криминальной субкультуры является тайное (криминоген-

ное) общение. Оно обеспечивает постоянное осуществление связи между лидерами криминальной среды и возглавляемыми ими группировками.

Специфика криминогенного общения осужденных состоит в том, что они умышленно используют условные средства общения для приготовления, совершения преступления или правонарушения, а также их маскировки.

Криминогенное общение осужденных происходит в вербальных (жаргон, тайнопись) и невербальных (выражение лица, жесты рук, позы, движения, перестукивание и т.п.) формах.

4. Существенным элементом криминальной субкультуры являются татуировки.

Наличие у осужденного татуировок характеризует его внутренний мир, отношение к противоправному занятию, к тем или иным моральным ценностям. Делая себе татуировки различного характера, лицо внешне и внутренне идентифицируется с группой уголовников, противопоставляющих себя персоналу исправительного учреждения.

Татуировки служат признаком криминального общения в исправительных учреждениях. В зависимости от ценностно-функциональной значимости они классифицируются на: лично-установленные (раскрывающие биографию осужденного, установки поведения и т.п.); тюремно-атрибутивные (отражающие знаки воровских обычаев и традиций, наличие «ходок» и т.п.); сигнально-обособительные (оповещающие других о принадлежности носителя татуировки к определенной группе); стратификационные (указывающие на роль и место лица в группе); сексуальные (отражающие эротические ориентации осужденного); сентиментальные (наносимые «на память» о каких-либо событиях и т.п.) и иные.

5. Непременным элементом криминальной субкультуры являются клички. Они, во-первых, несут в себе печать традиционности; во-вторых, предназначены для сокрытия подлинных имен в целях конспирации и защиты правонарушителя от преследования органов внутренних дел. Как показывает обобщенная практика,

большинство осужденных отрицательной направленности, длительное время содержащихся в местах лишения свободы, имеют клички. Как правило, в кличках отражены специфика преступной деятельности или место совершения преступления (например, «Бриллиант», «Боец», «Бандит», «Ключник», «Швед» и т.д.); особенности личности (например, «Торпеда» - пробивной, «Прыщ» - зловредный и т.п.); физические особенности (например, «Косой» - косоглазый, «Нос» - с перебитым носом и т.п.); трансформированные фамилии и имена (например, «Бобр» от фамилии Бобров, «Майк» от имени Михаил и т.п.); роль и место в криминальной среде (например, «Директор», «Князь»; «Урод» - представитель низов и т.д.); противоположные наличествующим качествам (например, «Кучерявый» - лысый, «Доцент» - глупый и т.п.); происхождение (например «Бакинский Яша», «Мексиканец», «Цыган» и т.п.); заимствованные из зарубежной литературы (например, «Кайт» - шулер, «Дрег» - подонок) и т.д. Таким образом, кличка представляет интерес не только в плане познания элементов субкультуры, но и в прикладном аспекте [7, с. 209-210].

Выше приведены лишь наиболее существенные структурные элементы, без учета которых невозможно эффективно использовать оперативно-розыскные и профилактические меры борьбы с противоправной деятельностью осужденных отрицательной направленности.

На основании изложенного можно сделать вывод, что под криминальной субкультурой осужденных отрицательной направленности в учреждениях уголовно-исполнительной системы следует понимать совокупность духовных и материальных ценностей, норм, атрибутов, манер поведения, которые складываются в процессе отбывания наказания и способствуют сплоченности, криминальной активности и мобильности, преемственности поколений в среде осужденных. Что является своеобразным способом жизнедеятельности лиц, объединившиеся в криминальные группы и придерживающихся определенных законов и традиций.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Хохряков Г.Ф. Социальная среда и личность: учебное пособие. – М., 1982. – 115 с.

2 Сухов А.Н. Криминогенное общение в среде осужденных: учебное пособие. – Рязань: ВШ МВД РФ, 1983. – 233 с.

3 Якушин Н.М. Предупреждение преступлений среди несовершеннолетних в ВТК: Организационно-тактические, правовые и социально психологические аспекты: дис. ... канд. юрид. наук. – М.: Академия МВД СССР, 1985. – 156 с.

4 Особо опасные лидеры ИТУ и воспитательное воздействие на них: учебное пособие / под общ. ред. Ю.М. Антонян. – М.: ВНИИ

МВД СССР, 1989. – 78 с.

5 Анисимов В.М. Антиобщественные традиции и обычаи «преступного мира» среди осужденных в местах лишения свободы: дис. ... канд. юрид. наук. – М.: Академия МВД СССР, 1991. – 233 с.

6 Булыко А.Н. Современный словарь иностранных слов. Более 25 тысяч слов и словосочетаний. Изд. 2-ое, испр. и дополн. – М.: «Мартин», 2005. – 848 с.

7 Паташков С.В. Криминальная субкультура в исправительных учреждениях // Перспективы государственно-правового и социального развития Республики Казахстан: материалы Международной науч.-теорет. конф. – Костанай: КЮИ МВД РК, 2001. – 337 с.

ТҮЙІН

Төкенова Б. Ж.,
Қазақстан Республикасы ІІМ
Қостанай академиясы

**ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ
МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ТЕРІС
БАҒЫТТАҒЫ СОТТАЛҒАНДАР
АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КІШІ
МӘДЕНИЕТ**

Мақалада автор қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі теріс бағыттағы сотталғандар арасындағы қылмыстық кіші мәдениетті, оның құрылымдық элементтерін қарастырады және осы терминнің түсініктемесін береді.

RESUME

Tukenova B.Z.
Kostanai Academy
of the Internal Affairs Ministry
of the Republic of Kazakhstan

**CRIMINAL SUBCULTURE OF
CONVICTED WITH THE NEGATIVE
MOTIVATION IN THE INSTITUTIONS
OF THE CRIMINAL-EXECUTIVE
(PENAL) SYSTEM**

The author considers the criminal subculture of convicted offenders with negative motivation in the correctional facilities of the criminal-executive (penal) system, describes their characteristic features and gives the definition of that term.

З. М. Сүйеубаева
Қазақстан Республикасы
ІІМ Қостанай академиясы

Бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың өз-өзіне қол жұмсауының алдын алу шаралары

Аңдатпа. Қазіргі таңда суицид мәселесі әлемнің барлық мемлекеттеріндегі басты мәселелердің біріне айналып отыр. Оны әлемдік сатистикадан байқауға болады. Мақалада «пенитенциарлық суицид» мәселесіне анықтама беріліп, сотталғандардың өзін-өзі өлтіруге итермелейтін себептері көрсетіліп, оны шешу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: түзеу мекемелері, сотталғандар, өз-өзіне қол жұмсау, пенитенциарлық суицид, моральдық-психологиялық факторлар, алдын алу шаралары, аутоагрессиялық әрекеттер, суицидалдық мінез-құлық, суицидке қарсы ісшаралар.

Жалпы қай салада болмасын, қай мемлекетте болмасын суицид мәселесі – шешуін таппай отырған мәселелердің бірі. Ресми деректерге сүйенсек, әлемде жыл сайын 1 млн. 100 мың адам өз-өзіне қол жұмсайды. Олардың ішінде: 300 мың қытайлық, 160 мың үндіс; 37 мың американдық; 30 мың орыс; 30 мың жапондық; 16 мың француз; 10 мың украиндық өз-өзіне қол жұмсайды екен. Бұл тек қана ресми деректерге тіркелген жағдайлар ғана, ал шын мәнінде өз-өзіне қол жұмсайтындардың саны бірнеше есе көп, жыл сайын әлемде 4 млн. астам адам өз-өзіне қол жұмсайды. Сот сарапшыларының айтуынша, осы мәндес «бақытсыз жағдайлардағы» өлімге көбіне өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері себепкер болып жатады. Ал 19 млн. адам өз-өзіне қол жұмсауға әрекет жасайды екен. Өз-өзін өлтіру жағдайлары көп және ең көп тіркелген елдер (тұрғындардың 100 мың адамына шаққанда 20 адамнан артық): Литва, Корей Республикасы, Қазақстан, Гайана, Белоруссия, Венгрия, Жапония, Латвия, Қытай, Словения, Шри-Ланка, Ресей, Украина [1]. Өздеріңіз көріп отырғандай, Қазақстан Республикасына осы елдердің ішінде үшінші орын тиесілі болып отыр.

Бүгінгі таңда қарастырып отырған мәселеміз сотталғандардың өз-өзіне қол жұмсау мәселесі, яғни пенитенциарлық суицид болып отыр. Бұдан бұрын да осы мәселеге бірнеше жұмыс арнаған болатынбыз. Пенитенциарлық суицид дегеніміз – бұл девианттық, қасақана (әдейі) жасалған әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік), оның мақсаты осы әрекеттің салдарынан сотталғанның өз өмірін қиюы. Колониялар

мен түзеу мекемелеріндегі суицидті азайту үшін, біріншіден, оларға жағдай жасау керек. Ал қазіргі біздің түрмелер санитарлық нормаларға қайшы. 6-7 адам отыратын камераларда 12-15 адамнан отыр [2, 3]. Одан кейін олардың туыстарына жазған хаты да дер кезінде жетпей жатады. ТМ-дегі осындай моральдық-психологиялық факторлар өкінішті жағдайларға әкеліп соқтырады. Сондықтан, мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің құқықтық сауатын арттыруымыз керек. Негізі, мұндай келеңсіздіктің барлығы тәртіпсіздіктен басталады. Егер ТМ қызметкерлері атына заты сай болса, онда сотталушылар да тәртіпке бағынар еді. Наразылық ретінде сотталғандар өз-өзіне қол жұмсап, тамырын немесе қарнын кесіп, бүлік шығарып жатса, бұл кейбір қызметкерлердің сотталушыларға күш көрсетіп, олардың намыстарын аяққа таптайтындықтарынан да болып жатады. Сотталушылардың қолына пышақ, ұстара секілді құралдар түспеуі қажет. Сонымен қатар жазасын өтеушілерге заң бойынша берілетін заттар қатаң бақылауға алынуы қажет. Мұның барлығы заңымызда қарастырылған. Бірақ осы заң дұрыс орындалып отырған жоқ. Демек, ТМ-дегі өз-өзіне қол жұмсаушылардың көбеюі қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері жұмысының салақтығынан, немкеттілігінен болып отыр. Жазасын өтеушілердің қолына кесетін заттардың түсуі түзеу мекемелерінде орын алған кемшіліктерден болады. Ең дұрысы, қолданыстағы заңды құжаттардың іс жүзінде жұмыс істеуі және қылмыстық-атқару жүйесі қызметін дұрыс жолға қою.

Түзеу мекемелеріндегі сотталғанның өзіне әдейі дене жарақаттарын салуы – бұл көрсетілімдік-бопсалық аутоагрессиялық әрекет, ол өзіне бір бағытты алады – түзеу мекемесі қызметкерлерінің алдында ең жоғарғы аффектілік жағдайды паш етіп, өзіне ең төменгі дене жарақатын салады.

ТМ жағдайында ең алдымен қылмыстық бағыттағы тұлғалардың көптігінен және сотталғандардың көлгірсу әдістеріне жиі баруынан және осы білетіндерін басқаларға үйретуінен суицидке бейім тұлғаны ашық түрде бопсалайтын аутоагрессанттан айыру өте қиын.

В.А. Комлевтің айтуынша: «ТМ жағдайындағы сотталғанға теріс ықпалын көрсететін ең негізгі факторлардың бірі - тұлғаны өзінің үйреншікті қоршаған ортасынан айыру. Үйреншікті ортасынан оқшауланған адам өзінің қажеттіліктерін жүзеге асырудан бірқатар шектеледі. Осының салдары тұлғаның іштей күйреп, өзіне-өзі қол жұмсауына әкеліп соқтырады» [2].

Көрсетілімді-бопсалық аутоагрессиялық әрекеттер - өзінің өмірін қиямын деп қорқытып, осының арқасында қандай да бір пайда алуға бағытталып, өзінің әрекетіне жауап беретін, алдын ала мақсатталған қылықтар. Өз-өзіне қол жұмсау - өз еркімен өзінің өмірін қиюға бағытталған және өлімге әкеп соқтыратын, өзінің не істеп жатқанын жете түсінген алдын ала мақсатталған әрекеттер. Өз-өзіне қол жұмсау мінез-құлқы - өз-өзіне қол жұмсау көрінісі сияқты оның ойлары, ниеттері, сөйлеуі, қатерлері, қастандықтары бір типтес ұқсас болып келеді. Карантин бөлімшесіне жаңадан келген сотталғандармен сұхбат жүргізіліп, бұрын өзін-өзі өлтіруге деген әрекеттер және ойлар болды ма, отбасында өзін-өзі өлтірген жақын адамдары болды ма деген сұрақтар қойылады. Кейбір жағдайларда сотталғандар өз-өзіне қол жұмсау туралы ойларын, өзін-өзі өлтіруге әрекеттенгенін айтады (олар негізінен отбасындағы және өмірге түңілу проблемалары болады). Ондай жағдайда, сотталғанға осы проблемалармен жұмыс жасау ұсынылады, аталған жұмыстың оңаша жүргізілетіндігі ескеріледі.

Түзеу мекемелерінде суицидке бейімділік феноменінің пайда болуына барлық қызметкердің қызметкерлері, бірінші кезекте психологтар ескеруге тиіс мынадай негізгі жағдайлар әсер етеді:

- жаманат хабарлар (туыстарының ауру-сырқауға ұшырауы немесе қайтыс болуы, отбасының сотталғанмен қарым-қатынасты үзуі, жұбайының опасыздығы) немесе үйінен хабар ала алмауы;
- түзеу мекемелерінің жекелеген қызметкерлер тарапынан қысымға ұшырауы;
- гомосексуалистік байланысқа еріксіз түсуі;
- сот үкімінің ұзақ уақыт кешігуі;
- әділетсіз шыққан үкімге наразылығы (сотталғанның пікірінше);

- сотталғанның жасаған қылмысына байланысты кінәсін сезінуі;

- сотталғандардың немесе мекеме қызметкерлерінің тарапынан соққыға жығылуы;

- алкогольді ішімдіктерді немесе есірткіні пайдалануға тыйым салынуына байланысты пайда болған симптомдар.

Сотталғандардың суицидалдық мінез-құлықтарын зерттеумен айналысатын құқықтанушы-ғалымдардың көбісі, мысалы С.В. Бородин [4], А.С. Михлин [5], М.Б. Метелкин [6], А.П. Тищенко [7] сияқты ғалымдар, алдын алу жұмыстарының ұйымдастырушылық-техникалық талдауына негізделген сотталғандардың өзін-өзі өлтіруінің алдын алудың теориялық ережелеріне, осы жұмысты жүзеге асыратын колониялардың әр түрлі қызметтері мен бөлімдерінің орны мен роліне көп көңіл бөлген.

Сотталғандар арасындағы суицидтің алдын алу ТМ барлық қызметтері мен бөлімдері бірігіп жұмыс атқаратын біртұтас процесті білдіреді. Ол әр түрлі ауқымдағы ісшараларды өткізуді, оның сипаты мен нақты бағытынан тұрады. Әдебиеттерде «кешенді шаралар дегеніміз – барлығына ортақ алдын алу міндеттерін шешу үшін бірнеше ұйымның күштері мен тәсілдерін біріктіру болып табылады» деп жақсы айтылған.

Алдын алу жұмысының жалпы бағытының негізгі мазмұны аутоагрессивті мінез-құлықтың қалыптасуы мен көрінуіне мүмкіндік туғызатын әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық себептер мен жағдайларды әлсірету және жою болып табылады. Осының негізінде, аутоагрессияның көрінуіне бейім тұлғаларды дер кезінде айқындап, оларға психологиялық көмек пен қолдау көрсетіледі.

Түзеу мекемесінде ұсталатын тұлғалармен жүргізілетін алдын алу қызметінің негізгі бағыттары:

- психофизиологиялық ерекшеліктерді зерттеу;

- жеке істерді зерттеу, пікіртерімдер алу, туған-туыстарымен хат алмасу;

- сотталғандардың, сондай-ақ олардың туған-туыстарының шағымдары мен өтініштеріне дер кезінде әсер ету;

- сотталғандар арасындағы өзара қарым-

қатынасты талдау;

- сотталғандар тарапынан болатын аутоагрессияның көріну ықтималдығы туралы ақпарат жинау мақсатында жедел қызметкерлермен өзара іс-қимыл;

- жеке психологиялық жұмыс;

- жеке сұрақтар бойынша басшылықпен ұдайы негізде сотталғандарды (олардың туған-туыстарын) қабылдау;

- медициналық бақылау;

- қызметтер мен түзеу мекемелері арасындағы өзара әрекеттестікті айқын ұйымдастыру.

Мұндай сотталғандардың жүріс-тұрысына көзбен шолып бақылау жасаумен және олармен алдын алу жұмыстарын жүргізумен қатар, аффектті аутоагрессивті қылықтардан аман болу үшін, теріс ақпарат әкелетін хат-хабарларды және телефондық тілдесулерді қадағалау қажет.

Мекеме қызметкерлері бүлдіргіш әрекеттердің алдын алу мақсатында сотталғандардың әр түрлі өтініштері мен шағымдарына прокурордың қарсылық жасау немесе сотпен шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе қоныс колониясына аудару, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру түріндегі ұсынымдарынан бас тартуға болатыны жайында ескерту сипатындағы алдын алу әңгімелерін жүргізеді.

Тиімді алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру үшін заңға қайшы аутоагрессивті әрекеттердің ұйымдастырушылары және айдап салушысы болып табылатын лидер статусына ие сотталғандарға ерекше көңіл бөлу қажет. Олардың ықтимал қауіптілігі – көлеңкеде қалып, сотталғандардың өз-өзіне жаппай дене жарақатын салуын ұйымдастыра алатындығында.

Өзін өлтірудің алдын алу кезінде ерекше назар аударуға сотталғандардың мынадай санаттары жатады: өмір сүру салты кенеттен өзгерген, бас бостандығынан айыру жерлеріне бейімделмеген тұлғалар, түзеу мекемелеріндегі әлеуметтік-психологиялық жағдайдың ерекшелігі. Сондықтан олардың қылықтары режим тәртібіне бейресми ережелер мен іс-қимыл нормаларына сәйкес болмайды. Олар төменгі әлеуметтік деңгейде болады, басқа сотталғандар тарапынан кемсітушілік көріністерінен зардап шегеді, бейресми

қалыптарға байланысты қалыпты қатынасу мүмкіндігінен айырылған, гомосексуалдыққа дәмеленеді. Өзінің адами емес жағдайынан бұл адамдар ренжіткен адамды қырып-жою үшін дайындалады және өз мәселелерін шешу жолы ретінде өзін өлтіруді пайдаланады. Өйткені, өзін өлтіруге бейім сотталғандар, түзеу мекемелерінің бастықтарына үнемі белгілі бола бермейді.

ҚАЖ бөлімшелерінің суицидке қарсы бағыттағы біріккен жұмысын ісшараларды орындау мерзімі мен жауапты тұлғаларды тағайындай отырып, кешенді жоспарлауды қолдану маңызды болып табылады.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, қылмыстық-атқару жүйесіндегі өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу үшін мына бағыттар бойынша мамандар даярлануы қажет:

- ҚАЖ мекемелері қызметкерлерінің суицидке бейім сотталғандармен жұмыс істейтін кадрларын психологиялық-психиатриялық даярлау;

- барлық қызметкерлерді суициденттерге алғашқы көмек көрсету бойынша медициналық машықтарын үйрету;

- түзеу мекемесіне қызметкерлерді қатаң тәртіппен қабылдау.

Сонымен қатар бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмыстарын жүргізу, еңбекке тарту арқылы ықпал ету қажет және де ТМ-де 30 жасқа толмаған сотталғандардың міндетті бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуы ұйымдастырылады, оларды оқу-білімге тарта отырып, көтермелеу шараларын қолдана отырып өз-өзіне қол жұмсауының алдын алу қажет деп ойлаймыз.

Қазіргі кезеңде көрсетілген мәселелерді

РЕЗЮМЕ

Сүйеубаева З. М.,

Костанайская академия МВД

Республики Казахстан

МЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ СУИЦИДА ОСУЖДЕННЫХ В МЕСТАХ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ

В статье рассматриваются проблемы профилактики суицида осужденных в местах лишения свободы.

шешу мүмкін болмағандықтан, біз тек барлық қиыншылықтарға қарамастан, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың өзін-өзі өлтіруін алдын алу шараларына ғана тоқталып өттік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Статистика самоубийств // www.lossofsoul.com.

2 Сотталғандардың өз-өзіне қол жұмсауын қалай тоқтатуға болады // Алаш айнасы. - 2010. - 5 тамыз.

3 Комлев В.А. Прогнозирование аутоагрессивного поведения осужденных в исправительных учреждениях: автореф. ... канд. псих. наук. – СПб., 2010. – 23 б.

4 Бородин С.В., Михлин А.С. Мотивы и причины самоубийств. Комплексные исследования в суицидологии. - М., 1986. - 371 с.

5 Метелкин М.Б., Михлин А.С. Личность особо опасных рецидивистов и вопросы дифференциации исполнения наказания. - М., 1980. - 247 с.

6 Михлин А.С. О некоторых мерах предупреждения самоубийств в местах лишения свободы // Бюллетень ВНИИ МВД СССР. - 1975. - №86. - 257 с.

7 Тищенко А.П. Профилактика суицидального поведения осужденных в местах лишения свободы: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - Киев, 1993. – 23 с.

8 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, 1997 жылғы 13 желтоқсан №208 // www.adilet.zan.kz.

9 Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы: ҚР ПМ 2012 жылғы 30 наурыздағы №184 бұйрығы // www.adilet.zan.kz.

RESUME

Suiyebaeva Z.M., Kostanai Academy

of the Internal Affairs Ministry

of the Republic of Kazakhstan

PREVENTIVE MEASURES OF INMATES' SUICIDE COMMITTING IN PLACES OF FREEDOM DEPRIVATION

The problems of prevention of inmates' suicide committing in places of freedom deprivation are considered in the article.

Р. Б. Қалиярова
Қазақстан Республикасы
ІІМ Қостанай академиясы

Сотталғандарды ресоциализациялау үрдісіне отбасының ықпалы

Аңдатпа. Мақалада автор ресоциализациялаудың негізгі міндеті тұлғаның қоғамдағы қалыпты қызметін қамтамасыз ету болып табылатынын, тұлғаның ресоциализациялануы жеке адамның қоғамға, нақты шағын топқа, өзіне ең жақын тұрған әлеуметтік ортаға бейімделуінің қажетті шарты екендігін атап көрсетеді.

Түйін сөздер: ресоциализация, бостандыққа дайындау, әлеуметтік пайдалы байланыс.

Қазіргі заманда бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаның түзетушілік әсерінің нәтижелерін бекіту, бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды бостандыққа дайындаудың мәселелері өзекті болып табылады.

Жазасын өтеп шыққан тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайына бейімделуі және мемлекеттік органдар мен қоғамдық құрылымдардың басқару мен бақылауы барысында қалыптасатын қатынастардың ұғымын, олардың әлеуметтік-құқықтық табиғатын зерттеу арқылы құқық қорғау органдарының, соның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі мен ішкі істер органдарының нақты рөлін айқындап, аталған үрдісті басқарудағы олардың қызметінің құқықтық негіздемесіне талдау жасау маңызды.

Бас бостандығынан айыру жазасына тартылған тұлғаларды бостандықтағы өмірге бейімдеуге дайындау кезеңдерін зерттеу арқылы олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындауға жол беріледі.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды бостандықтағы өмірге бейімдеу мәселесі бойынша бастаулармен танысып, тарихи, жүйелік және салыстырмалы құқықтық талдау жолымен берілген мәселенің бұрын қалай шешілгендігін, қазіргі уақыттағы шешілу деңгейіне талдау жасап, саралау арқылы құқық қорғау органдарының аталған өрістегі қызметінің тиімділігін арттыру бағытындағы нақты шараларды жасақтап, оларды ғылыми тұрғыдан негіздеу қажет.

Жүргізілген зерттеу жұмысы түзеу мекемелерінен босатылған тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайына бейімдеу жүйесінде қазіргі уақытта орын алып отырған кемшіліктердің себебін ашып, түзеу мекемесі әкімшілігінің сотталғандардың ресоциализациясына зор әсер тигізетінін, әрекет етуші

нормативтік базаны одан әрі жетілдіру жолымен, оларды жою бағытындағы шараларды жасақтап, жүзеге асырудың теориялық негізі ұсынылып отыр.

«Бостандық» бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан сотталғандар үшін ең қымбат, ең жоғары және ең жақын бататын сөз, өмірінің мағынасы болып табылады. Түзеу мекемесінен жазасын өтеп шыққан тұлғалар қазір елімізде жүргізіліп жүрген статистикалық мәліметтер бойынша «бостандық» сөзін дұрыс түсінбей, түзеу мекемесінің ішінде жүргізілген іс-шараларын, қызметкерлердің жұмысын ұғынбай, тәрбиелік әсер етуші әңгімелер мен іс-шараларға көңіл бөлмей бостандыққа шыққаннан соң қайта қылмыстық жолға түсуде. Бүгінде бұндай адамдар саны көбеймесе, азаюда емес.

Қайталанба қылмыстардың қазіргі таңда саны өсуде. Бұл қайталанба қылмыстар қоғамға қауіптілігі жоғары және аса қауіпті деп танылады. Мемлекеттің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының азаматтарының өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып келеді [1, 7-12 б.].

Қайталанба қылмыстылықты тудыратын себептердің ішінде соттылыққа дейін орын алған, одан кейін де жалғасын тапқан мәнжайды – ықпалы теріс ортаны бірінші атауға болады.

Екіншіден, бұндай қылмыскерлердің өмір таңдамасы шектеулі болуы және оларда адал еңбек ету ниетінің болмауы, қаржы-қаражат жағынан қамтамасыз етілмеуі.

Үшіншіден, антиәлеуметтік көзқарастардың дамуы – пайдақорлық, көре алмаушылық, өштесу, қызғаныш сияқты сезімдердің бойын билеуі.

Төртіншіден және ең бастысы, бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп келген адамдардың қалыпты әлеуметтік ортаға бірден бейімделе қоймайтындығы.

Қылмыстық жаза мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше нысаны ретінде сотталған адамдардың түзелуіне, сотталған адамдардың және басқа да тұлғалардың жаңадан қылмыс жасауының алдын алуға қызмет жасауы тиіс. Басқаша айтқанда жаңадан немесе қайталап жасалатын қылмыстардың алдын алу жазаның негізгі әлеуметтік қызметі болып табылады

[2, 55 б.].

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңдарының мақсаттары мен міндеттері ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу осы мақсаттарға сәйкес жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу, сотталғандарды түзеу құралдарын анықтау, олардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету бекітілген [3, 3 б.].

Әлеуметтік психологиялық қауымдастықтың тәрбиелеуші рөлі туралы айта келіп, А.М. Яковлев мынаған назар аударады: «ресоциализациялаудың барынша тиімді тәсілдерінің қатарына жазалау жолымен жағымсыз жүріс-тұрысты жою тәсілінен тиімдірек болып табылатын жағымды жүріс-тұрысты ынталандыру тәсілін жатқызуға болады. Ресоциализациялаудың психологиялық сипаттағы барынша тиімді құралдарын тәрбиеленушінің алдында беделі бар тұлға ғана қолдана алады» [4, 154 б.].

Сонымен бірге жазаны қолдану мен рецидивтік қылмыстылықтың арасындағы тікелей тәуелділікті тану өз кезегінде бостандыққа шыққан адамдардың жүріс-тұрыстарына теріс ықпал ететін әр түрлі криминогендік факторларды жеткілікті дәрежеде бағаламауға алып келіп, олардың жаңа, жағымды әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісін қиындатқан болар еді.

Осы айтылғандардан кейін жаза, тұтастай алғандағы қылмыстылыққа әсер ететін шешуші факторлардың қатарына жатқызылмайды деген тың тұжырым қалыптасады [5, 100 б.].

Дүниежүзінің көптеген мемлекеттерінде қылмыстардың қайталануын болдыртпау немесе алдын алу мәселелері әділет органдарына жүктелген. Сондықтан, қылмыстық жаза мерзімін өтеуде және босағаннан кейінгі кезеңде тұлғаны әлеуметтік бейімдеу қылмыстың аса қауіпті түрі – қайталама қылмысты алдын алудың негізгі кепілі болып табылғандықтан, қылмыстық-атқару жүйесі түзеу мекемелерін сотталғандарды ресоциализациялау бойынша әлеуметтік институтқа дейін дамытуды бағдар етіп алу қажет [6, 147 б.].

Құқықтанушылардың жеке тұлғаның ресоциализациялану мәселесіне қызығушылық танытуы бірқатар факторларға байланысты.

Біріншіден, жаңадан пайда болған қоғамдық қатынастарды реттеудегі құқықтың рөлі мен маңызының арта түсуі, ал ол өз кезегінде қоғамда орын алып отырған өзгерістерге байланысты байқалатын адамның психологиялық қызметінің жылдамдығы мен ырғағының тым жеделдей түсуінен, адамдар арасындағы қарым-қатынастың тұрақты түрде өсіп отыратындығынан көрініс беретін адами қатынастар үрдісінің қарқындылығына және олардың құқықтық реттеуді қажет ететіндігіне тікелей байланысты. Екіншіден, құқық тек әлеуметтендірілген, яғни өзін қоғамның мүшесі ретінде сезінетін тұтастай алғандағы қоғамға, өзін қоршаған шағын әлеуметтік топтарға, жеке адамдарға қатысты түрде өзінің құқықтары мен міндеттерін түсінетін адамның жүріс-тұрысын реттейді. Үшіншіден, құқық әлеуметтік қатынастардың реттеушісі бола отырып, өз тарапынан айтарлықтай әлеуметтендіруші күшке ие және жеке тұлғаны ресоциализациялаудың тиімді құралы ретінде де әрекет етеді [7, 128-132 б.].

Адамның қоғамдық ортада өмір сүре отырып тұлға ретінде қалыптасатыны белгілі. Адамның әлеуметтенуі табиғи қасиеттер негізінде әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени орта, мектеп, өзімен жасты тұлғалардан құралған топтардың және т.б., яғни әлеуметтік орта деп аталатын қоғамдық шеңбердің негізгі ықпал етуі барысында орын алады. Осы аталған ортада адам тәрбие алады, оның психологиялық, өнегелік, құқықтық және басқа да қағидалары қалыптасады және соларға сәйкестікте адам әлеуметтік ортада орын алған жағдайлар мен өзгерістерге тәуелді түрде өзінің жүріс-тұрыстарының одан арғы негізгі бағыттарын айқындайды. Бұл үрдісте адам оның тек енжар түріндегі бақылаушысы болып қана қалмайды, қоршаған ортаға белсенді түрде әсер етіп, оның қатысушысы болады. «Адамның мінез-құлқында оның іс-әрекеттерінде жүзеге асырылған әлеуметтік ортаның элементтері қорытылады» [4, 199 б.].

Олай болса, тұлғаның қалыптасуы «адамды адамға айналдырудың көп қырлы процесі», жеке тұлғаның қалыптасқан әлеуметтік

жағдайларға белсенді түрде бейімделуі және жинақталған тәжірибені қарым-қатынас, жүріс-тұрыс, қызмет арқылы жүзеге асыруы [8, 22 б.].

Тұлғаны ресоциализациялау (социализация) [лат. socialis – қоғамдық] тұлғаның қалыптасу үрдісі, берілген қоғамға, әлеуметтік қауымдастыққа, топқа тән болып табылатын білімдерді, құндылықтарды және нормаларды игеруі, жеке адамның қоғамдық өмірге тартылуы [9, 735 б.].

Ресоциализациялаудың негізгі міндеті тұлғаның қоғамдағы қалыпты қызметін қамтамасыз ету болып табылады. Тұлғаның ресоциализациялануы жеке адамның қоғамға, нақты шағын топқа, өзіне ең жақын тұрған әлеуметтік ортаға бейімделуінің қажетті шарты. Ресоциализациялану үрдісі жеке адамның бүкіл өмір жолында орын алады [10, 40-45 б.].

Ресоциализациялауды бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын сотталғандарға қатысты құбылыс немесе процесс ретінде қарастырып зерттеу барысында соңғы жылдары сотталғандардың қажеттіліктері мен сұраныстарына, адамгершілік қарым-қатынасты жоғары талап етумен бірлесе жазаны әсерлі түрде атқаруын жоғарылату жолдарын белсенді түрде іздеулер жүргізілуде деген қорытындыға келуге болады.

Сотталғандарды ресоциализациялауда бәрінен де жоғары тұрған, ол – отбасылық жағдай.

Жазасын өтеп шыққандардың басым көпшілігінің отбасына қайтып оралатындығын оған тіпті отбасылық және туыстық қатынастары күрделі жағдайда қалғандары да тырысатындығын тәжірибе көрсетіп отыр. Оларды қайтадан қалпына келтіруге тырысу көп реттерде оң нәтиже береді, әдетте отбасы бостандыққа шыққан отбасы мүшесін қабылдауға, онымен бірге тұруға тілек білдіреді. Бұл өз кезегінде ТМ-де бостандыққа шығар алдында тұрмысын жайластыру мәселесін шешу жолындағы міндеттерін атқаруды біршама жеңілдетеді. Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген сотталғандардың басым көпшілігінің қылмыс жасағанға дейін тұрақты тұрғылықты жері болған және олар сол жерге барып орналаса алады. Аталған тұлғаларға қатысты түрде

жазаны өтегеннен кейін тұрғылықты жерді таңдап алу мәселесі барынша қарапайым түрде жүзеге асырылады: отбасымен бірге тұрудың мүмкіндігі анықталып, туысқандарының келісімі алынады.

Қылмыскердің жеке басына дербес түрде әсер етуінің мәселесін қарастырып, орындалған жаза мен азаматтың одан кейінгі жүріс-тұрысының арасындағы тәуелділікті тани отырып, оның болашақтағы өмір салтына болжам жасаған абзал [11, 267 б.].

А.И. Васильев пен В.С. Кувшинов маңызды зерттеулер жүргізген. Барлық сотталғандарды екі топқа бөлген: некеде тұрмаған тұлғалар және некедегі тұлғалар. Осы некедегі тұлғаларды жазасын өтеп жатқан және босағаннан кейінгі уақытта ажырасқан және ажыраспағандар деп екі топқа ажыратып, қарастырған.

Ажырасқандар арасында 24% қайта қылмыс жасап, жазаларын өтеуде, ал ажыраспағандар арасында бұндай адамдар 7% құрайды. Бұның себебі, тек біздің емес, жалпы қоғамның ойы бойынша, отбасы сотталған адамға үлкен әсерін тигізеді. Отбасы түзеу мекемесінен босатылған адамдарға моральдық, материалдық және психологиялық көмек көрсетеді. Зайыбы және балалары сотталған адам үшін қасында болғанымен ғана көңіліне қуаныш, шаттық сыйлап, өмірге, қоғамға деген көзқарасты өзгертуге септігін тигізеді. Қиын жағдайда қолдау көмек көрсетіп, дұрыс жолды бағыттайды. Материалдық жағынан да барынша көмек көрсетуге тырысады. Әсіресе, бұл көмек жұмыс орнымен, ақша-қаражатпен, үй-жай, тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз етуде айқын көрінеді. Яғни, отбасы оған жалпы қоғамға емес, біріншіден, өз отбасына деген бейімделуін қалыптастыруды мақсат етеді.

Бұл жерде айтатыным, осы жазасын өтеп шыққан тұлғаның отбасы жағынан әр түрлі көмекті сезе тұра, жауапкершілігі арта түседі. Ол да отбасына моральдық, материалдық жауап ретінде көмек көрсетуге тырысады. Тұрақты жұмысқа орналасып, жаңа өмір бастауды аңсайды. Әрине, барлық жағдайда бұлай бола бермейді. Бірақ, көбінесе осындай отбасы жақсы әсер етуі көптеп кездеседі. Ажыраспағандар арасында қайталама қылмыстар санының азаюы және әлеуметтік бейімделуі

жоғары нәтиже бермегендіктен, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері тарапынан сотталғандардың ажыраспауына тура әсер болмаса да, заңнама негізінде бірнеше шаралар қолданады. Мысалы: қысқа және ұзақ мерзімді кездесулер, хат алмасулар және т.б. Бұл тек сотталғандардың бір үлесіне ғана жатады. Т.М. Кафаров зерттеулері бойынша 21-60 жас аралығындағы сотталғандардың жартысы соңғы сотталу кезінде некеде тұрмаған.

Осы жерде тек отбасылық қана емес, туған-туыстық, жолдастық қарым-қатынастарды да айта кету жөн. Ағайын-туыстарымен, таныстарымен, жора-жолдастарымен, бұрын жұмыс жасаған ұжымымен тағы да сол сияқты көптеген әлеуметтік-пайдалы байланыстарының үзілуі сотталғандардың босатылғаннан кейін әлеуметтік бейімделуіне кері әсерін тигізеді.

Осындай дерттен арылу мақсатында қылмыстық-атқару жүйесі әр түрлі алдын алу шараларын қарастырады: сотталғандар посылка, бандероль, сәлемдемелер қабылдап алады, телефонмен сөйлеседі және қысқа мерзімді мен ұзақ мерзімді кездесулерге барып, байланыстарының үзілуіне жол бермейді.

Қылмыс жасау және сотталу фактісі көп жағдайда отбасының қылмыстық ниеттердің пайда болуы мен жүзеге асырылуына қарсы тұра алмағандығын немесе отбасының өзі белгілі бір шамада осындай ниеттердің пайда болуына бастау болғандығын немесе сырттай бақылаушының рөлін атқарғандығын көрсетеді. Дегенмен, отбасы кез келген адам үшін құндылық болып табылатындықтан сотталған адам үшін тұрмыстың жайлылығы, ең алдымен, отбасымен байланысты болады. Сондықтан жақын туыстарымен ұзақ және қысқа мерзімді кездесулер санын көбейту сотталғандарда пайдалы әлеуметтік байланыстың үзілмеуіне және бостандықтағы өмірге тез бейімделуіне әкеп соғады.

Аталған уақыт ішінде ресоциализациялау үрдісінің қаншалықты табысты түрде жүзеге асырылуынан, түзету ықпалының нәтижелерінің қаншама берік орынығуынан бостандыққа шыққандардың одан арғы жүріс-тұрысы: пайдалы қызметке қайтып оралуы

не оралмауы және қайталап қылмыс жасауы не жасамауы тікелей тәуелді болады.

Сотталғандардың әлеуметтік бейімдеу сәттілігі, олардың жазасын өтеп жатқан түзеу мекемесіндегі ресоциализациялау процесіндегі тәрбиелік, психологиялық, педагогикалық іс-шараларының дұрыс қолданылуында. Егер осы шаралар шынымен дәл дұрыс болып, өмірге, қоғамға және жалпы адамзатқа деген көзқарасын түбегейлі өзгертсе, сотталғандар босатылғаннан кейін қоршаған қоғамының ойы терісқылқты болса, бұл қоғамға жоламауға тырысар еді.

Сотталғандарды ресоциализациялау маңызы тек қана қылмыстық-атқару жүйесіне ғана емес, сонымен қатар барлық мемлекетке зор екені анық және қайталама қылмыстардың алдын алу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған.

2 Ушатов А.И., Казак Б.Б. Основы пенитен-

циарной психологии. - Рязань, 2002. - 180 б.

3 Шаргородский М.Д. Адаптация осужденных к среде ИТУ. - Рязань, 1983. - 230 б.

4 Гвоздкова Л.И. Принудительный труд. - Кемерово, 1994. - 150 б.

5 Каретников И.В., Поздняков В.И. Социально-психологическая адаптация. - М, 2000. - 250 б.

6 Шмаров И.Б., Мокрецов А.А. Воздействие на среду осужденных // Воспитание и право-порядок. - Рязань, 1981. - 360 б.

7 Общая теория права / Пиголкин А.С. ред. - М, 1995. - 384 б.

8 Кон И.С. Социология личности. - М.: Политиздат, 1967. - 383 б.

9 Большой иллюстрированный словарь иностранных слов: 17000 сл. - М.: ООО «Издательство АСР», 2004. - 957 б.

10 Гишинский Я.И. Стадии социализации индивида. - М, 2001, - 220 б.

11 Аванесов Г.А. Теория и методология криминологического прогнозирования. - М.: Наука, 1982. - 330 б.

РЕЗЮМЕ

Қалиярова Р. Б.,
Костанайская академия МВД
Республики Казахстан

ВОЗДЕЙСТВИЕ СЕМЬИ НА ПРОЦЕСС РЕСОЦИАЛИЗАЦИИ ОСУЖДЕННЫХ

В статье автор раскрывает роль семьи в процессе ресоциализации осужденных.

RESUME

Kaliyarova R.B., Kostanai Academy
of the Internal Affairs Ministry
of the Republic of Kazakhstan
INFLUENCE OF FAMILY ON THE
PROCESS OF RESOCIALIZATION
OF CONVICTED OFFENDERS

In the article the author touches upon the question of the role of family in the process of resocialization of convicted offenders.

Е. М. Хакимов
Костанайская академия МВД
Республики Казахстан

Особенности режима отбывания наказания в тюрьме

Аннотация. В статье раскрывается понятие режима исправительных учреждений, акцентируется внимание на особенностях режима отбывания наказания в условиях тюремного заключения, рассматриваются порядок и сроки содержания в одиночных камерах. Также уделяется внимание вопросу личной безопасности осужденных в тюрьме.

Ключевые слова: режим, тюрьма, личная безопасность, категории осужденных, внешняя изоляция, внутренняя изоляция, камерное содержание.

Исполнение уголовного наказания в виде лишения свободы и порядок его отбывания реализуется в условиях режима, установленного в местах лишения свободы. Согласно ст. 7 УИК РК режим является одним из основных средств осуществления задач, стоящих перед ИУ, и достижения тем самым целей наказания. В теории уголовно-исполнительного права понятие режима употребляется в узком и широком смыслах. М.Я. Гинзбург и Н.А. Стручков писали: «Режим исправительно-трудового учреждения в широком понимании - это порядок его деятельности, вся совокупность мероприятий, обеспечивающих исполнение наказаний исправительно-трудового характера и осуществление методов, направленных на исправление и перевоспитание осужденных. Режим в узком понимании - это один из основных методов исправительного воздействия, обеспечивающий осуществление исправления, это регламентирование порядка содержания осужденных в исправительных учреждениях» [1, с. 96]. Н.А. Беляев считает, что «разграничение понятий режима в широком и узком смысле вряд ли целесообразно. Под режимом в широком смысле понимается, по существу, вся деятельность исправительного учреждения. Такое понятие ничего не дает для анализа и оценки режима как одного из средств исправительного воздействия на осужденных. Представление о нем как о простой совокупности правил, определяющих рамки внешнего поведения, снижает его воспитательное значение как самостоятельного средства исправительного воздействия. Гораздо большее значение для воспитания имеет то, чем будут наполнены

эти, по существу, внешние рамки поведения. При определении его понятия необходимо исходить из того, что режим - это не совокупность норм и правил поведения, а деятельность исправительного учреждения и осужденных, регламентированная нормами уголовно-исполнительного права» [2, с. 114].

